

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының
Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Құдықсай негізгі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытынды
анықтамасы.**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Құдықсай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.**

28 қыркүйек 2023 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Құдықсай негізгі мектебі» КММ-нің 2023 ж 31.08 күнгі өткен педагогикалық кеңес шешімі 2023 ж 31.08 №1 н/қ бұйрығы негізінде 01.09-04.10 аралығында гимназия қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2023 ж 31.08. №1 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

- 1.С.К.Асауов-мектеп директоры, комиссия төрағасы
- 2.А.Қ.Сүгіртаева-мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
- 3.М.А.Талдықбаев-мектеп директорының тәрбие жөніндегі меңгерушісі, информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
- 4.Т.Т.Баеделова- бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
- 5.Ш.Б.Ерғали-мектеп психологы, комиссия мүшесі

6.Р.К.Биржанова-кәсіподақ төрайымы, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі

7.Д.С.Аймағамбетова-директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

Мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде мына бөлімдер қамтылды:

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің *үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;*

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша *үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;*

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға *бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;*

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын *ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;*

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

7) ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру;

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанының №490 қаулысымен бекітілген; Қазақстан Республикасының әділет Министрлігі, Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі 2021 жылғы 17 қаңтарда жүргізілген.

Мектептің Жарғысында - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру; Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының негізінде құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру; мәдениеті жоғары деңгейдегі, қоғам өміріне бейімделген, тереңдетілген және кеңейтілген білім бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген мемлекеттік стандарттардың шегінде тегін негізгі білім деңгейін алуына бүкіл азаматтардың құқығын іске асыру міндеттері басшылыққа алынған.

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 970440003168, 17.01.2021 жылы №78 берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 23.04.1997 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құдықсай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №490 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметімен айналысу үшін алынған лицензия №KZ78LAA00024890 Берілген күні: 25.02.2021 жыл.

Білім беру қызметі жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ03RVK00032055
Берілген күні: 10.02.2021 жыл.

Білім беру мекемесінің заңды тұлғалық атауы	Ақтөбе облысы Хромтау ауданы «Құдықсай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Коммунальное государственное учреждение «Кудыксайская основная школа» государственного учреждения «Хромтауский районный отдел образования Актюбинской области»
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы)	Заңды мекен-жайы: 031107, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Құдықсай елді мекені, мектеп көшесі №1. Ғимараттың техникалық паспорты 2004 жылы 07 қаңтарда жасалған. қабат саны-2, құрылыс ауданы-1930,5 ғимараттың ауқымы-12385, жалпы алаң-2411,1, салынған жылы-1975 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт)	Мектеп телефоны: 8 713 36 77 558 Электрондық пошта kuduksainm@mail.kz web-сайт: info@kuduksai.edu.kz Instagram: https://www.instagram.kudyksai.negizgi.mektebi facebook.com.vn: https://www.facebook.Құдықсай НМ
Заңды тұлғаның байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Басшының толық аты-жөні: Асауов Серік Кенжебекович Тағайындау тәртібі: "Хромтау ауданының аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі 05.07.2023 ж. Б №101. (бұйрық көшірмесі қосымша ұсынылады).
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттарын жүйелеу (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің/куәліктің және жарғының көшірмесі қоса беріледі)	Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – қайта тіркеу күні – «Құдықсай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БИН 970440003168 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 17 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген уақыты 1975 жыл . (көшірме қосымша ұсынылады). Мектептің жарғысы « Құдықсай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 17.01.2017 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады); 0Мекеменің тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 0,4000 га) кадастрлық номері: 02-034-019-963-1 (көшірме қосымша ұсынылады).
Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталуы туралы хабарлама жіберуге арналған талон	Лицензия: Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 25 ақпан 2021 жылғы №KZ78LAA00024890, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

«Құдықсай негізгі мектебі» КММ –нде 2020-2021 оқу жылында оқушы саны- оқу жылы басында 29 оқушы, аяғында 32 оқушы, 2021-2022 оқу жылының басында 33 оқушы, аяғында 28 оқушы, 2022-2023 оқу жылының басында 35 оқушы, аяғында 33 оқушы, 2023-2024 оқу жылы бойынша 43 оқушы білім алуда. Мектеп алды даярлық сыныбында 2020-2021 ж- 4 оқушы, 2021-2022 ж -4 оқушы, 2022-2023 ж- 6 оқушы, 2023-2024 ж- 3 оқушы білім алуда.

сыныбы	Барлық оқушы саны			
	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
МАД тобы	4	4	6	3
1 сынып	5	3	5	9
2 сынып	3	6	4	5
3 сынып	6	3	5	3
4 сынып	6	6	3	5
5 сынып	2	4	6	3
6 сынып	3	2	5	7
7 сынып	2	2	3	5
8 сынып	4	2	2	3
9 сынып	1	4	2	3

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Мектеп жоспары:

Тақырыбы:

«Жеке тұлғаның білім сапасын арттыру және жан-жақты дамыту – уақыт талабы»

Мақсаты:

- мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланы шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып, толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін-өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру - Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1. Кадрлардың сапалық және сандық құрамы

2021-2022 оқу жылында -17 мұғалім, /Физика, география пәндерінен 2 қызметті қоса атқарушы педагог бізде қосымша жұмыс жасайды/

2022-2023 оқу жылында - 19 мұғалім, /Физика, география пәндерінен 2 қызметті қоса атқарушы педагог бізде қосымша жұмыс жасайды/

2023-2024 оқу жылында -20 мұғалім қызмет жасайды. /Физика, география пәндерінен 2 қызметті қоса атқарушы педагог және биология, химия пәндерінен 2 қызметті қоса атқарушы онлайн-педагог бізде қосымша жұмыс жасайды/

Педагогтер саны	Оның ішінде												
	жоғары	Арнаулы орта	Маман еместер			Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	шебер	зерттеуші	сарапшы	модератор	Санаты жоқ
2021-2022 оқу жылы													
17	11	6	-	-	-	1	1	2	-	1	5	2	7
2022-2023 оқу жылы													
19	12	7	-	-	-	-	1	1	-	1	5	3	8
2023-2024 оқу жылы													
16	14	6	-	-	-	-	-	1	-	2	6	4	8

Біліктілік деңгейін арттыру.

2021-2022 оқу жылы педагог-зерттеуші санатына -1 мұғалім, педагог-сарапшы санатына – 4 мұғалім өтініш беріп, біліктілік санатын алды.

2022-2023 оқу жылында педагог-зерттеуші-1 мұғалім біліктілік санатын алды. Педагог-сарапшы санатына өтініш бергендер болған жоқ.

Педагог-модератор санатына -2 мұғалім өтініш берген. Құжаттары аттестаттау талаптарына сәйкес келемегендіктен біліктілік санаты берілмеді.

Біліктілік санатты көтеру мақсатында мектеп мұғалімдері аттестациялау туралы мәліметтерге сүйенсек, соңғы 3 оқу жылында төмендегі мұғалімдер біліктілік санатын көтеруге өтініш берген және растаған:

Оқу жылдары	Мұғалімдердің аты-жөні	Бұрынғы санаты	нәтижесі	уақыты
2021-2022	Жұмабаев Динара	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	24.12.2021
	Талдықбаев Мұрат	Екінші	Педагог-сарапшы	24.12.2021
	Бижан Талғат	Бірінші	Педагог-сарапшы	24.12.2021
	Биржанова Роза	Екінші	Педагог-сарапшы	24.12.2021
	Сәкенқызы Әсем	Санаты жоқ	Педагог-модератор	01.09.2021
2022-2023	Кенжегарин Ақзат	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	11.09.2023

Білімі бойынша

№	Оқу жылдары		Жоғары білімді		Арнаулы орта		Жалпы орта	
		Мұғалім саны	Саны	Сапа	Саны	Сапа	Саны	Сапа
1	2021-2022	17	11	64.7 %	5	27.7 %	-	-
2	2022-2023	17	10	63.1 %	7	36.8 %	-	-
3	2023-2024	16	10	70 %	6	30 %	-	-

Пед өтілі бойынша сараптау

№	Оқу жылдары	Мұғалім саны	3 жылға дейін		3-5 жыл		6-10 жыл		11-15 жыл		16-20 жыл		20 жылдан жоғары	
			саны	сапа	саны	сапа	саны	сапа	саны	сапа	саны	сапа	саны	сапа
1	2021-2022	17	5	29%	1	5.8%	1	11%	4	22.2%	2	11%	4	22.2%
2	2022-2023	17	5	26%	-	-	4	22.2%	3	17,6%	1	11%	4	22.2%
3	2023-2024	16	2	10%	2	10%	3	15%	4	25%	2	10%	3	15%

Әкімшілік басқару қызметі

Құдықсай негізгі мектебінің әкімшілік-басқару қызметі төмендегідей:

2021-2022 оқу жылы

№	Аты-жөні	қызметі	пәні	білімі	санаты	Еңбек өтілі	Марапат таулары
1	Бижан Талгат Темірбайұлы	Мектеп директоры	биология	жоғары	педагог-сарапшы	19.8	Алғыс хат Облыстық білім бөлімі 2021
2	Асауов Серік Кенжебекович	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	дене шынықтыру	жоғары	педагог-сарапшы	14.2	--
3	Талдықбаев Мұрат Аскарович	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	информатика	жоғары	педагог-сарапшы	12.4	Алғыс хат Облыстық білім бөлімі
4	Жұмабаева Динара Боранбайқызы	Кәсіподақ ұйымының төрайымы	бастауыш сынып мұғалімі	жоғары	педагог-модератор	11.6	Құрмет грамотасы Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысы 2021

2022-2023 оқу жылы

№	Аты-жөні	қызметі	пәні	білімі	санаты	Еңбек өтілі	Марапат таулары
1	Асауов Серік Кенжебекович	Мектеп директорының м.у.а	дене шынықтыру	жоғары	педагог-сарапшы	15.2	Алғыс хат Аудандық кәсіподақ ұйымы 2022
2	Асауов Серік Кенжебекович	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	дене шынықтыру	жоғары	педагог-сарапшы	15.2	--
3	Талдықбаев Мұрат Асқарович	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	информатика	жоғары	педагог-сарапшы	13.4	--
4	Жұмабаева Динара Боранбайқызы	Кәсіподақ ұйымының төрайымы	бастауыш сынып мұғалімі	жоғары	педагог-сарапшы	12.6	Құрмет грамотасы Қазақстандық салалы Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі 2022

2023-2024 оқу жылы

№	Аты-жөні	қызметі	пәні	білімі	санаты	Еңбек өтілі	Марапат таулары
1	Асауов Серік Кенжебекович	Мектеп директоры	дене шынықтыру	жоғары	педагог-сарапшы	16.2	Алғыс хат Облыстық білім бөлімі 2022
2	Сүгіртаева Айжан Қуанышқызы	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	дене шынықтыру	жоғары	санаты жоқ	22	--
3	Талдықбаев Мұрат Асқарович	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	информатика	жоғары	педагог-сарапшы	14.4	--
4	Биржанова Роза Кенжетасевна	Кәсіподақ ұйымының төрайымы	тарих	жоғары	педагог-сарапшы	23.8	Құрмет грамотасы Қазақстандық салалы Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі

Мектеп педагогтарының курстардан өтуі
2021-2022 оқу жылы бойынша

№	Мұғалімнің аты-жөні	Мамандығы	Курс тақырыбы
1	Биржанова Роза Кенжетасовна	Тарих	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Қазақстанның этникалық саясатын білім беру мазмұнында іске асыру бойынша педагогтердің пәндік кәсіби құзыреттілігін дамыту. 23.04.2021 ж
2	Құдайбергенов Берік Жарқынбайұлы	информатика	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Робототехника негіздері. 29.09.2017 ж «Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Жаңартылған білім беру бағдарламасы. 17.06.2019 ж
3	Асауов Серік Кенжебекович	Дене шынықтыру	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту. 25.03.2022 ж
4	Ергали Шынар Бауыржанқызы	Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. «Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы» 08.10.2021 ж
5	Жаксығалиев Қуаныш Құбайдоллаұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша. 05.07.2018 ж
6	Калиев Дархан Аскарбекұлы	Математика	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту. 21.09.2021 ж
7	Сәкенқызы Әсем	Бастауыш сынып мұғалімі	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту. 21.09.2021 ж

2022-2023 оқу жылы бойынша

№	Мұғалімнің аты-жөні	Мамандығы	Курс тақырыбы
4	Ергали Шынар Бауыржанқызы	Психолог	Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. Білім берудің жаңартылған мазмұны: педагогикалық үдеріс қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. 2022 ж
5	Баеділова Тұрсынқұл Темірбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту. 22.09.2023 ж
6	Кенжегарин Ақзат Айбатович	Физика /Қызметті қоса атқарушы педагог/	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Мектептегі физика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары. 04.05.2022 ж
7	Кадірбай Еркін Кадірбайұлы	География	Педагогикалық шеберлік орталығы. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы. 21.09.2021 ж
8	Суеуов Аманбек Ақылбекұлы	Дене шынықтыру	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту. 11.02.2022 ж
9	Абайбек Ақгүл Абайбекқызы	Музыка	«Өрлеу біліктілікті арттыру» ұлттық акционерлік қоғамы. Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. 2023 ж

2.6. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер

2021-2023 оқу жылындағы зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижесіне бойынша аудандық, облыстық жетістіктер бар. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық «Дарын» байқаулары, олимпиадалары, ғылыми жобаларына да белсене қатысып, жетістіктерге қол жеткізген.

Білім алушылардың жетістіктері 2020-2023 жыл

Диплом.

«Ер Едіге» жырын жатқа айтудан «Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауына белсенді қатысқаны үшін. Талдықбаев Нұрдәулет. 2021 ж.

ІІІ дәрежелі Диплом.

«Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми - тәжірибелік қосымша білім беру орталығы.

Шығармашылық байқау. Байманова Салтанат. 2020 ж.

Алғыс хат

Аудандық «Бастау» атты математикалық құрама топтық олимпиадасы. 2022 ж

ІІІ дәрежелі Диплом

Халықаралық «Пони» Білімпаз байқауы 2020-2021

Темірбаев Арнұр.

Қанат Мансұр

Шүйінішбай Айдын

Диплом

Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафоны
2022-2023 ж

Мингтурганова Бактыгуль

Құбайдолла Ақмерген

Берікқызы Назым

Жолжан Ұлыхан

Серікқызы Дария

2022-2023

І дәрежелі диплом

ҚР Білім және ғылым министрлігі

«Ұшқыр» педагогикалық орталығы

«Жұлдызай» атты республикалық шығармашылық байқауы Серікқызы Бегім.

2022 ж.

ІІІ дәрежелі диплом

Ардагер ұстаз Баярстанов Серғазы атындағы аудандық жалпы білім беретін мектептің 5-8

сынып арасында өткен математика олимпиадасы. 2022 ж

6-класс оқушысы Талдықбаев Нұрдаулет.

ІІІ дәрежелі диплом

«Кенгуру-математика барлығы үшін» Қаржаубай Інжу 2022

І дәрежелі диплом

Берікқызы Ақнез 2022 ж.

І дәрежелі Диплом

Халықаралық «Пони» Бірінші сынып оқушыларының күзгі сайысы Қанат Мансұр. 2021-2022 ж.

Темирбаев Арнұр

2021-2022 ж.

І дәрежелі диплом

«Дарын» ғылыми практикалық орталығы

Қанат Мансұр 2023 ж.

І дәрежелі Мадақтама

Аудандық білім беру ұйымдарының 5-6 сынып оқушылары арасында өткен Тоғызқұмалақ жарысы. Талдықбаев Нұрдәулет. 2022 ж

III дәрежелі Мадақтама

Хромтау аудандық жас өспірімдер арасында ұйымдастырылған Тоғызқұмалақ жарысы.

Талдықбаев Нұрдәулет. 2022 ж

I дәрежелі Мадақтама

Аудандық. Білім беру ұйымдарының 5-6 сынып оқушылары арасында өткен Тоғызқұмалақ жарысы. Қалауова Жаннұр. 2022 ж

II дәрежелі Мадақтама

Аудандық. Білім беру ұйымдарының 5-6 сынып оқушылары арасында өткен Тоғызқұмалақ жарысы. Жарқынбай Ақмерей. 2022 ж

III дәрежелі Мадақтама

Облыстық. Тоғызқұмалақтан командалық жасөспірімдер арасындағы қоғам қайраткері

Қ.Алтынбаевты еске алуға арналған жарыс. Талдықбаев Нұрдәулет.

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы

3.1. Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар:

2021-2022 оқу жылында 2 білім алушы, оның ішінде үйден тегін оқытылатын 1 білім алушы бар.

2022-2023 оқу жылында денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын 1 білім алушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған.

3.2. Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

Құдықсай негізгі мектебінде 2020-2021 оқу жылының басында 29 оқушы, аяғында 33-пен оқу жылын аяқтады. 2021-2022 оқу жылының басында -34 оқушы, аяғында 28 оқушыға білім алушылар контингенті кеміген. 2022-2023 оқу жылы бойынша 35 оқушы білім алды. 2023-2024 жаңа оқу жылы бойынша білім алушылар саны -43 оқушы. Былтырғы жылдармен салыстырғанда 9% - 5а білім алушылар саны артқан.

Оқыту сатылары бойынша төменде көрсетілген ретпен бөлінді:

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша -3, 1 класс комплект

-1-4 сыныптар 22 білім алушы, 3 класс -комплект

- 5-9 сыныптар – 23 білім алушы, 3 класс -комплект

Барлығы 43 білім алушы оқытылуда. Сыныптардың орташа толымдылығы – 43 оқушы.

Білім алушылардың ұлттық құрамы

Ұлты	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қазақ	26	33	40
Орыс	2	-	1
Басқа	-	-	-

Жалпы мектеп бойынша озат оқушылар --, екпінділер -- оқушы орташа оқиды, үлгермейтін оқушылар жоқ, 1 сыныпта -- оқушы оқиды.

Мектеп бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші

Оқу жылы	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	Жалпы сапа%
2021-2022	-	80%	33,3%	66,6%	75%	50%	50%	0%	66,6%	46,8%
2022-2023	-	33,3%	75%	33,3%	66,6%	80%	33,3%	50%	0%	41,2%

2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 2022-2023 оқу жылында сапа 5% пайызға төмендеген.

3.3. Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер


Білім алушылардың қозғалыс кестесі

Оқу жылдары	келгені	кеткені
2021-2022	3	7
2022-2023	3	2
2023-2024	6	-
БАРЛЫҒЫ	12	9

2020-2023 жылдар аралығында мектепке келген бала саны --, кеткен бала саны---, яғни мектептегі білім алушылардың кетуі тұрғындардың қоныс аударуына байланысты.

Білім алушылар контингентінің құрылымы

Білім алушылар контингенті



Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарына
15-қосымша

**Білім алушылар контингентінің құрылымы
2020-2021 оқы жылы**

р/с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп
1	Білім алушылар саны	20 оқушы	13 оқушы
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	4/20	9/13
3	түзеу	-	-

**Білім алушылар контингентінің құрылымы
2021-2022 оқы жылы**

р/с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп
1	Білім алушылар саны	18 оқушы	16 оқушы
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	4/18	9/16
3	түзеу	-	-

**Білім алушылар контингентінің құрылымы
2022-2023 оқы жылы**

р/с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп
1	Білім алушылар саны	17 оқушы	18 оқушы
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	4/17	9/18
3	түзеу	-	-

**Білім алушылар контингентінің құрылымы
2023-2024 оқы жылы**

р/с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп
1	Білім алушылар саны	22 оқушы	21 оқушы
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	4/22	9/21
3	түзеу	-	-

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

4.1. білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының бөлуы және оларға сәйкестігі

- 2021-2023 оқу жылына арналған **оқу жұмыс жоспары** бекітілді, Оқу жұмыс жоспарын құруда басшылыққа алынды:
 - ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1-4 сыныптар үшін 8-қосымшасы, 13-қосымшасы 5-9 қазақ сыныптары үшін оқу жүктемесі.
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық қағидаларын бекіту туралы».
 - Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының үлгілік қағидасы.
 - Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты.

2. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативтік компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9
2020-2021	Инвариантты	22	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	3	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2021-2022	Инвариантты	22,5	26	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	-	2	2	2	2	2	2	2	2
	Барлығы	22,5	28	28	28	31	31	34	35	36
2022-2023	Инвариантты	17,5	18	24	24	27	27	29	28	29
	Вариативтік	2	2	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5
	Барлығы	19,5	20	26	26	28,5	28,5	33,5	32,5	34
2023-2024	Инвариантты	17,5	21	24	24	27	27	28	28	29
	Вариативтік	2	3	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34

2.2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 1-11 сыныптардағы оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

Соңғы 3 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, мектеп директорымен бекітілген.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары толтырылып электронды форматтағы «kyndelik.kz» журналына салынған.

2020 -2023 оқу жылдар аралығында жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын игерудегі жыл сайынғы ерекшеліктерге байланысты барлық оқу пәндерінің оқу бағдарламасының орындалуына талдау жасалды.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер жұмыстары

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды. Жаңа оқу жылына арналған әдістеме жұмысының жоспары бар, мақсат, міндеттері айқындалған.

2021-2023 оқу жылдарында мектептің әдістемелік қызметі «Жаңартылған бағдарламаны енгізуде мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру» тақырыбымен жұмыс жасады.

Мақсат: Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтар мен озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату, педагогтардың кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру.

Міндеттер:

1. Баршаға бірдей сапалы білімге, үздіксіз білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізу.

2. Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру.

3. Әр оқушының өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын қамтамасыз ету.

4. Жаңартылған бағдарламаны енгізуде мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыру.

5. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.

6. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.

7. Педагог кадрлардың өздігінен білім алуын, оның шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.

8. Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру.

9. Әр оқушының өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын қамтамасыз ету.

10. Жаңартылған бағдарламаны енгізуде мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыру.

11. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.

12. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.

13. Педагог кадрлардың өздігінен білім алуын, оның шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушының тұлға ретінде дамуына тиімді деңгейде қол жеткізу.

2. Мұғалімнің және оқушылардың шығармашылық қасиеттерін жетілдіру.

3. Педагогтардың үздіксіз білім алуы, біліктілігін уақытылы көтеруі.

Мектепте 5 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды: «Бастауыш кластар» бірлестігі, «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» бірлестігі, «Жаратылыстану-математика пәндері» бірлестігі, «Көркем-эстетикалық пәндер» бірлестігі, «Класс жетекшілер» бірлестігі.

ӘБ-дің жетекшілерінің бәрі де жоғары білімді, педагогикалық еңбек өтілі талапқа сай. ӘБ құрылуы туралы бұйрық шығарылған. Мектеп директорының бұйрығымен әдістемелік кеңес құрамы бекітілген. Өткен оқу жылының талдаулары жинақталған.

Педагогикалық тәжірибені жинақтау жұмысы.

Бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған басылымдар туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Өдістемелік құралдар	Электронды орта	Баяндамалар				Сабақтардың басылымдарға жариялануы			Интернет желісіндегі сайттарға сабақтардың жариялануы	
			Қала	облыс	Республикалық	Халықаралық	Облыс	республика	Халықаралық	Сабақ	Мақала
2021-2022	4	4	-	3	-	-	2	-	-	1	-
2022-2023	-	-	-	1	2	-	-	-	-	-	-
Барлығы	7	7	-	7	3	-	4	-	-	2	-

Жас мамандармен жұмыс

Мектепте жас мамандармен жұмыс жүргізіледі. Тәлімгер-педагог жас маманға бұйрық бойынша бекітілген, әр жас маманға нақты құрылған жұмыс жоспарлары бар. Жас маманмен жұмыстың есебін жасалынған. Жас маманмен жалпы құрылған іс-шара материалдары, нәтижелері жинақталған.

№	Оқу жылдары	Жас маманның аты-жөні	Туған жылы	Білімі, диплом бойынша мамандығы	Жұмыс өтілі	Бекітілген тәлімгер
2	2021-2022	Боранбайқызы Нұрбану	11.01.2002 ж	Ағылшын тілі	1	Қайрақбаева Ұлдай Сағындыковна
3	2022-2023	Сәкенқызы Әсем	17.05.2001 ж	Бастауыш сынып мұғалімі	1	Жұмабай Динара Боранбайқызы
4	2023-2024	Сәкенқызы Әсем	17.05.2001 ж	Бастауыш сынып мұғалімі	1	Жұмабай Динара Боранбайқызы

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғаның мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022 оқу жылында мектеп директорының 2021 жылдың 28 тамыздағы № 54/4 -н/к бұйрығы, 2022—2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 01 қыркүйек № 72/7 -н/к бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен мен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы № 252 бұйрығымен бекітілген. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы қоғамның жаппай қатысуымен кешенді үрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. Kudyksai.negizgi.mektebi инстаграмм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Мейірім» ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Толағай» әкелер мектебі, «Домалақ ана» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Қыран» ер балалар клубы, «Гүлдер» қыз балалар клубы, рухани адамгершілік және азаматтық—патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы ұйымдастырылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Қазақстан Республикасының Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2020-2021 оқу жылында - 2, 2021-2022 оқу жылында - 5, 2022-2023 оқу жылында — 6 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарына өтті.

Мектепте балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастыру, жетекші ретінде 2020-2021 оқу жылы аға тәлімгер Аманжолов Е.К. 2021-2022 оқу жылынан бастап мектепте аға тәлімгер болып Қ.Қ.Жақсығалиев тағайындалған.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстар жинақталып, инстаграмм желісіне жарияланған. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық, жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған жоспарлары бар, ұсыныс дәптерлері бар.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар. 2021-2022 оқу жылында мектеп жанынан құрылған еріктілер клубы «Бірлік» Қоғамдық бірлестігі тұрғысынан ұйымдастырылған қайырымдылық акциясына қатысты.

"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас ұлан
2021-2022	5	5
2022-2023	3	6

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары 1 педагог- психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата — ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым - қатынас орнатылып, қауіпсіз орта

құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал калыпты,білім алушылардың психоэмоциональдық мінез- құлық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік — психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары , тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатта орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып , түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобильдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар

өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Мектепте әлеуметтік төл құжаты бойынша 2020-2023 оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде,мектепшілік есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2021-2022 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны — 4, толық емес отбасы саны -1, аз қамтылған отбасы — 5, өгей әкемен бірге тұратын — 1, білім алушы-2, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны — 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны — 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы- 0, сәтсіз отбасы-0. 2022-2023 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны — 6, толық емес отбасы саны -1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны — 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны — 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. Сынып жетекші, , психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

2021-2022 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына (2білім алушы) 60 мың теңге көлемінде мектеп формасы оқу құралдарымен , атаулы көмек алатын отбасынан 1 білім алушы мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылында тамыз айында «Шекарасыз- мектепке жол» ұранымен «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық аясында 7 білім алушыға демеушілер тарапынан материалдық (мектеп формасы, спорттық костюмдер, аяқ киімдер, оқу - құралдары) көмек көрсетілген. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата — аналардан өтініш қабылданып , 3 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 37359 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. Мектепшілік желтоқсан және наурыз айларында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып аз қамтылған отбасы балаларына азық — түлік және қаржылай көмек көрсетілді,

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балаларды қадағалаусыз және панасыз калудың алдын алу туралы № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып,2020-2021, 2021 -2022,2022-2023 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған.

